



Тыңайтқыштарға (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялар алу тәртібі

СУБСИДИЯ АЛУШЫЛАР:
- АШТӨ
- Ауыл шаруашылығы кооперативтері

Өтінімдер ағымдағы жылы және өткен жылдың 4-тоқсанында сатып алынған тыңайтқыштар бойынша 1 ақпаннан 1 желтоқсанға дейін қабылданады.

Субсидия алу шарттары

Қызмет көрсету мерзімі - 3 жұмыс күні.

Өтпелі өтінім берген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету тоқтатылады және тыңайтқыштардың отандық өндірушісі нақты жөнелтілген тыңайтқыштар туралы мәліметтерді өтпелі өтінімге 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей енгізгеннен кейін қайта басталады.



✓Өтінімді «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ЭЦҚ-мен беру

- Тыңайтқыштарды толық құны бойынша сатып алған кезде өтінім беріледі.
- Тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған бағамен сатып алған жағдайда:
- шарт негізінде **өтпелі өтінім** беріледі;
- тыңайтқыш өндірушісі тыңайтқыштардың нақты сатылымы туралы мәліметтерді 30 күнтізбелік күн ішінде өтпелі өтінімге енгізеді (тыңайтқыш өндірушісі мәліметтерді уақытылы енгізбеген жағдайда өтпелі өтінім күшін жояды)..
- Субсидиялар тыңайтқыш өндірушісіне тікелей аударылады.



✓ЭЦҚ арқылы қол қойылған өтінімді (өтпелі өтінімді) мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде тіркеу



✓АШТӨ-нің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде жеке шотының болуы

Өтпелі өтінімді беру үшін тыңайтқыш өндірушісінің мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде жеке шоты болуы тиіс.



✓Тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалған шығындарды растау

- Мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі және электрондық шот фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы
- Шетелдік өндірушіден сатып алынған жағдайда (ЭСФ АЖ қолданылмаса):
- Егер тыңайтқыштар ЕАЭО құрамына кірмейтін елдерден әкелінсе — растау кедендік декларация арқылы жүргізіледі.
- Егер тыңайтқыштар ЕАЭО елдерінен әкелінсе — растау тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш пен салық органының белгісі арқылы жүргізіледі.
- Тыңайтқыштар қайта өңдеу кәсіпорны арқылы берілген жағдайда:
- Шығындар қайта өңдеу кәсіпорны арқылы расталады.
- Субсидия алушы — шарттың көшірмесін қоса тіркеп, өтінім берген АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативі) болып табылады.



✓Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жер пайдалану құқығында және (немесе) жеке меншікте болуы мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі және бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры жүйесі арқылы расталады.

- Жылыжай кешендері үшін жер учаскелері ауыл шаруашылығы немесе өзге мақсаттағы болуы мүмкін және олар жер пайдалану құқығында және/немесе меншікте болуы тиіс.
- Ауыл шаруашылығы кооперативі субсидия алу үшін өтінім береді:
- Егер тыңайтқыштарды кооператив мүшелері сатып алса — субсидияны сол мүшелер алады.
- Егер тыңайтқыштарды кооператив сатып алса — субсидияны кооператив алады.
- Мүшелік жалпы жиналыс шешімінен үзіндісімен расталады.
- Бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы шаруа (фермер) қожалығы тыңайтқыш сатып алу кезінде субсидия алу үшін өтінім береді. Субсидияны шаруа қожалығы алады, мүшелік ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен расталады.
- Жер учаскесі құқықтарын беру арқылы лизингке алу кезінде АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативі) жер учаскесінің деректерін көрсетеді, бұл мәліметтерді лизингтік компания растайды.



✓Соңғы 2 жылға (ағымдағы және алдыңғы жылдарға) ауыспалы егіс туралы мәліметтерді ұсыну.

Тыңайтқыштарға субсидиялардың нормалары ҚҚС-ты есепке алмағанда ең төменгі нарықтық құнының жартысы мөлшерінде белгіленеді (облыстар әкімдіктерінің қаулыларымен бекітіледі).

Аванстық субсидиялау кезінде және тыңайтқыштарды толық циклмен өндірушілер үшін – тыңайтқыштың нақты құнының (ҚҚС-сыз) 60%-ы мөлшерінде.

Егер тыңайтқыштың бағасы есептелген нормадан төмен болса – субсидия нақты құны негізінде есептеледі. Егер баға нормадан жоғары болса – субсидия белгіленген норма бойынша төленеді. Тыңайтқыштың құнына қаптама, таңбалау, ҚҚС және межелі пунктке дейінгі тасымалдау шығындары кіреді.



Аванстық субсидиялау механизмі

АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативі) «Электрондық үкімет» порталы арқылы өтпелі өтінім береді. Өтінімдерді қабылдау — ағымдағы жылдың 1 ақпанынан 20 қыркүйегіне дейін.

- Субсидияларды аванспен аудару тыңайтқыштардың құнының бекітілген жоспар бойынша 60%-ын құрайды.
- Субсидиялар аванс ретінде тыңайтқыш өндірушінің банктегі арнайы шотына аударылады, бұл шоттағы қаражат шарттар орындалғанға дейін бұғатталады.
- Өндіруші 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі арқылы тыңайтқыштарды сату жоспарын көлемі мен ҚҚС-сыз бағасын көрсете отырып ұсынады.
- Басқарма қаржыландыруды бекітіп, 10 жұмыс күні ішінде өндірушіні бөлінген қаражат туралы хабардар етеді.
- Аванстық субсидиялау механизмі тек толық өндірістік циклді бар өндірушілер үшін қолжетімді.

Субсидия алу тәртібінің толық мәтінін алу үшін QR-кодты сканерлеңіз.

